

## Қамқоршылық кеңес жиналысының хаттамасы

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

№1 хаттама

«03» Қыркүйек 2024жыл

Төраға: Т. Жолдасова

Қатысқандар: Мектеп директорының м.а А.Бекова, қамқоршылық кеңес құрамы, ДТЖО,әлеуметтік педагог.

### Күн тәртібінде:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен,құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін қайта сайлау
3. Қамқоршылық кеңестің жоспарын жоспарлау,бекіту.
4. Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту жайлы. Талапқа сай құжаттарды жинау.

Тыңдалды: Мектеп директоры Бекова.А. сөйлейді:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Бекова Алтынгүль жиналысты ашық деп жариялып күн тәртібімен таныстырып өтті. Онда бірінші сұрақ бойынша сөз алып,жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелген хатын, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44- бабының 9 тармағын басшылыққа ала отырып «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың» ережесімен таныстырып,қамқоршылық кеңес мүшелерін ата-аналар арасында сайлау , сайланған ата-аналар мектепке демеушілерді тартуы немесе ата-аналар тарапынан демеуші болуы керектігін де атап өтті де қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы толық ақпарат берді. Қамқоршылық кеңестің қоғамдық бірлестік бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы арту мақсатында құрылатындығын айта келіп,міндеттеріне тоқталды.

А) Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

В) Жалпы білім беру ұйымының матиралдық- техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру ,оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.

Б) Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға,оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.

В) Мектеп ұжымы жұршылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.

2. Тғыңдалды: ата-аналар сөз сөйледі.

Күн тәртібінде 1-мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті.

Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен Қамқоршылық кеңес төрайымы Жолдасова Турлыгул Жетеровна және хатшысы әлеуметтік педагог Бердәулетова Салтанат Избасарқызы сайланды.

2-ші мәселе бойынша төрағасы Жолдасова Турлыгул Жетеровна қамқоршылық кеңесінің құрылғанын қолдап, сайланған кеңес мүшелерін құттықтап, ендігі жолда бірауыздан кеңес жұмысын дұрыс талапқа сай жүргізейік деп атап өтті.

3. Қамқоршылық кеңестің жоспарын жоспарлау , бекіту мәселесі бойынша , кеңес мүшелері келісімімен бірауыздан бекітілді.

3-ші мәселе бойынша С. Бердәулетова айтып өтті. Мектеп бойынша әлеуметтік қолдауды қажет ететін 70 оқушы бар. Ондағы 5 бала бірінші сынып оқушысы. Барлығы 70 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отыр. Биылғы оқу жылында 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылып жатыр.

**Шешімі:** 70 баланы ыстық тамақпен қамтамасыз етуге.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Жолдасова Турлыгул Жетеровна және хатшысы Бердәулетова Салтанат Избасарқызы болып бекітілсін.

Қамқоршылық кеңестің жоспары бекітілсін.